

БЕКІТЕМІН
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық – техникалық университеті»
КеАҚ Басқарма төрағасы - ректор
А. М. Наметов
« 04 » 03 2024 ж.

САНТЕХНИК
ЛАУАЗЫМДЫҚ НУСҚАУЛЫҒЫ
СМЖ.07.ЛН.160

№ 02 басылым
№ _____ дана

Дайындалды: <u>28.02.2024</u>	Келісілді: <u>01.03.2024</u> м.	Енгізілді: <u>05.03.2024</u> м.
Ихсанова С.А. <u>[Signature]</u>	Тагаев О.О. <u>[Signature]</u> Алмагамбетова М.Ж. <u>[Signature]</u> Тасқалиев Е.К. <u>[Signature]</u> Ихсанов Е.Б. <u>[Signature]</u>	Орнына: СМЖ.07.ЛН.160 <u>02.03.2024</u> м. Қайта қаралуы: <u>05.03.2024</u> м.

Мазмұны:

1. Бағыты
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			ТАӘ	Қолы

1. Бағыты

Бұл нұсқаулық Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес дайындалды.

2. Қолдану саласы

Бұл нұсқаулық Сантехникке арналған.

3. Лауазымдық міндеттері

3.1. Сантехник міндетті:

3.1.1. Университет құрылысының сантехникалық құрал-жабдықтарына алдағы жөндеу және жоспарлы-техникалық қызмет көрсетуді жүргізу;

3.1.2. Сумен қамту, кәріз, су құбырлары, орталық жылумен қамту жүйелерінің қыр-сырын білу және әртүрлі бөлшектерді жинау, жөндеу, бұзу бойынша жұмыстарды орындау;

3.1.3. Жылыту кезеңінің алдында ғимарат коммуникациясын және инженерлік құрал жабдықтарды қарау, сонымен қатар, оларды апаттық бүлінуден, өрт, табиғи апаттан кейінгі ақауларды тауып оларды қалпына келтіру мақсатында қарап шығу;

3.1.4. Кәріз және сумен қамту жүйесіндегі ақауларды жөндеу, олардың қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін тығыздағышты ауыстыру, су тартқыш және суды жинағыш арматурадан ысырап ағуын болдырмауға;

3.1.5. Жылыту жүйесін гидравликалық тексеруден өткізу.

3.2. Бағыныштылығы:

3.2.1. Сантехник қызметке Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен қабылданады немесе қызметінен босатылады;

3.2.2. Сантехник тікелей Жылу, газ және сумен қамту инженеріне бағынады.

3.3. Сантехник білуі тиіс:

3.3.1. Сантехник жұмысының істеу әдістері мен ережелерін;

3.3.2. Осы лауазымдық нұсқаулықты;

3.3.3. Еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын;

3.3.4. Университеттің Жарғысы мен ішкі тәртіп ережелерін;

3.3.5. Қоршаған ортаны қорғау туралы.

3.4. Біліктілік талаптары:

3.4.1. Мемлекеттік тілді іскерлік деңгейінде білуі;

3.4.2. Жасы 18-ге толған, кәсіптік білімі немесе жұмыс тәжірибесі болуы керек.

4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі

4.1. Сантехник жауапты:

4.1.1. Қазақстан Республикасының еңбек заңына сәйкес, осы қарастырылған лауазымдық нұсқаулықтағы өзінің қызметтік міндеттерін орындамаса;

4.1.2. Қазақстан Республикасының әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңына сәйкес анықталған - өз қызметін жүзеге асыру барысында құқық бұзғаны үшін;

4.1.3. Қазақстан Республикасының еңбек, қылмыстық және азаматтық заңдылығына сәйкес материалдық нұқсан келтірген жағдайда.

4.2. Сантехник құқылы:

4.2.1. Кәсіби қызметі үшін қажетті еңбек жағдайларымен қамтамасыз етілуге;

4.2.2. Ұзақтығы 24 күнтізбелік күннен тұратын ақылы еңбек демалысын алуға;

4.2.3. Өзінің еңбек етуі барысында кәсіби абыройы мен ар-намысын қорғауға;

4.2.4. Жөндеу және пайдалану қызметі бөлімінің тарапынан қызметіндегі жетістіктері үшін материалдық және моральдық мадақтауларға ие болуға.

5. Құжаттама

6. Сілтемелер

ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015ж. №414-у;

ҚР «Білім туралы» заңы 27.07.2007ж. №319;

ҚР «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңы 11шілде 1997ж №151;

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015ж №410-у;

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.12.2020ж №553 бұйрығы «Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы»;

ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» жарғысы;

СМЖ.08.ҚЕ.06. Ішкі тәртіп ережесі;

ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттар.